ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 6 қазан №7119-23-00-2/11043 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судья Ж.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
жеке кәсіпкер «Мерген» басшысы САМЕНОВА АЙНҰР ДАУРЕНҚЫЗ
"Центр Профессиональных Услуг "Медина"" ЖШС - гі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер ЖК «Мерген», "Центр Профессиональных Услуг "Медина"" ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы арызы -қанағаттандырылсын.

«Мерген» басшысы САМЕНОВА АЙНҰР ДАУРЕНҚЫЗ жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Мерген» басшысы САМЕНОВА АЙНҰР ДАУРЕНҚЫЗ ЖК мемлекет кірісіне 1 725 (бір мын жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 06.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Нургалиева Ж. Д., 21.11.2023
7119-23-3-1/10773

"Центр Профессиональных Услуг "Медина"" ЖШС – ні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Центр Профессиональных Услуг "Медина"" ЖШС мемлекет кірісіне 1 725 (бір мын жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Мерген» басшысы САМЕНОВА АЙНҰР ДАУРЕНҚЫЗ жеке кәсіпкерден тұрақсыздық айыбын 4 269 (төрт мың екі жүз алпыс тоғыз) теңге, мемлекеттік баж 128 (жүз жиырма сегіз) теңге мөлшерінде "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына өндірілсін.

«Центр профессиональных услуг «Медина» ЖШС-тен тұрақсыздық айыбын 2 873 (екі мың сегіз жүз жетпіс үш) теңге, мемлекеттік баж 86 (сексен алты) теңге мөлшерінде "Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

АПК-нің 147, 403, 404-баптары негізінде шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы тараптар апелляциялық шағымды, наразылықты келтіруге құқылы.

Судья Ж.Нургалиева

Құжатқа қол қойылған: Нұргалиева Ж. Д., 06.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2023, судья Нургалиева Ж. Д., 21.11.2023

7119-23-3-1/10773